**Келісілді:**
«Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі» КММ
Оқу ісінің меңгерушісі: Г. Енсебаева
_______________
« » тамыз2025ж

**Бекітілді:**
«Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі» КММ
мектеп директоры м.а. Г. Енсебаева
_______________
« » тамыз2025ж

# Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Әсем» шағын орталығының
# 2025-2026 оқу жылына арналған
# «Қарлығаш» аралас 3-4-5жас тобының
# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Scanned with CamScanner

## Түсінік хат

2025– 2026 оқу жылында **Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Әсем» шағын орталығының 2025-2026 оқу жылына арналған«Қарлығаш» аралас 3-4-5** жас аралас тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:Түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларына сәйкес жас ерекшелігі әртүрлі жас топтарының толықтырылуы: 1) топта жас ерекшелігі екі түрлі (1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) балалар болған жағдайда бала саны - 15 баладан артық емес; 2) топта жас ерекшелігі үш түрлі (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар, 5 жастағы балалар балалар болған жағдайда бала саны - 20 баладан артық емес. Топта жас ерекшелігі екі және үш түрлі балалар болған жағдайда Үлгілік бағдарламаның міндеттері балалардың жастарына сәйкес жеке көрсетіліп (мысалы 1 және 2 жастағы балалар үшін) ортақ бір перспективалық жоспар жасалады. Циклограмма жасау кезінде Перспективалық жоспарда ұсынылған міндеттердііске асыру үшін балалардың түрлі әрекеттері айқындалады. Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда балаларға тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес берілді

**26 мамыр 2025 №123 бұйрық «Адал азамат»Біртұтас тәрбие құндылықтары негізінде,** «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты ,Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі екі жас тобында – 1 жыл. **Күтілетін нәтижелері** перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама.Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

| Айы | Ортаңғы 3-жас | | | Ересек 4-жас | | | МАД 5-жас | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Ұйымдас/н іс-әрекет** | **Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Күтілетін нәтиже** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері** | **Күтілетін нәтиже** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
| **Қыркүйек Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы.** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру. **Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см) жүру. **Жүгіру.** Бірқалыпты жүгіру. **Домалату, лақтыру, қағып алу.** Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), **Еңбектеу,** | Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді. Жүруде тепе-теңдікті сақтайды. оң және сол қолмен қашықтыққа лақтырады. Тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа секіреді. | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар:** өкшемен жүру: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) тепе-теңдікті сақтап жүру; аяқтың ұшымен жүгіру; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу; бір орында тұрып секіру; заттардың арасымен доптарды домалату : сапқа | Өкшемен, сызықтарның арасымен тепе-теңдік сақтап жүреді, аяқтың ұшымен жүгіреді. доптарды домалатады, заттарды қашықтыққа лақтырады, доптарды кедергілер арқылы лақтырады және қағып алады; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие; | Тіл дамыту дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ к-қ , ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау **Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура еңбектеу.<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. | | | тұру:<br>**Ырғақтық жаттығулар**: таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, (бір уақытта кезекпен) төмен түсіру; екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу; ( жылдам және бір қалыпты) аяқтың ұшына көтерілу және тұру; | | | тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Спорттық жаттығулар**: велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу.<br><br>**Қимылды ойындар:** қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**: балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау.<br><br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** балаларға адамның дене және сезім | | | мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. **Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.** Шығармашылық пен әңгімелеп беруді жетілдіру ,әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру**: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:** өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: шынықтырудың барлық түрлерін жүргізу. | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. **Сөздік қор:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстыру. **Байланыстырып сөйлеу:** Суреттерді, заттарды қарастыруда. | Дауысты дыбыстарды анық айтады; Ойындар арқылы сөздік қоры дамиды. Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстырады; Суреттер мен заттар арқылы байланыстырып сөйлейді. | | | | Көркем әдебиет | **Көркем әдебиет.** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен кунделікті еркін ойында. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін ескеріп, артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту **Сөздік қор** Ауызекі түрлі балалар әрекетінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануға | Балалар ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасайды. Бір-бірімен кунделікті ойында еркін әңгімелеседі. Қоршаған ортадағы заттарды ауызекі сөйлеуде қолданады. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратады. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерді | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. **Сөздік қор:** айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** диалогтік сөйлеуді | Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады; | Сауат ашу негіздері | **Сауат ашу негіздері.** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту | | | жетілдіру. | | | сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Геометриялық фигуралардың суреттерінің сыртын шетке шығармай бояу. Жеміс - жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру. Тігінен , көлденең , қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру, Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу Әртүрлі бағыттағы |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, , нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығу/ты ояту** Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың | Суреттегі таныс кітаптарды эмоциональді түрде айта алады. | **Көркем әдебиет** | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. | Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; | Математика негіздері | **Жиын**: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | пікірлерін тыңдау. | | | | | | байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. **Сан және санау**. сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7 сандарының пайда болуымен, 0 ден 7 дейінгі цифрмен таныстыру. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**Шама.** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу.<br>**Геометриялық фигуралар.** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Уақытты бағдарлау**. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің<br>**Кеңістік туралы түсініктерді бекіту**: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | төменде); Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту, логикалық ойлауды дамыту саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру. **Шама.** Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. **Геометриялық фигуралар.** | Балалар «бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа,артық-кем) салыстыра алады. Геометриялық фигура: үшбұрышты | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта:** айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға мүмкіндік | Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мекұбылыстар туралы біледі. Қоршаған ортадағы | Қоршаған Әлеммен таныстыру | **Бала ,оның отбасы,үйі** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Балаларды геометриялық фигура: үшбұрышпен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз | біледі.<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлай біледі.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлай біледі | | беру;<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді дамыту **;**<br><br>**Сөздік қор:** қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің ,жануарлардың құстардың,табиғат құбылыстарының , тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын | заттардың, жануарлар мен табиғат құбылыстарының атауларың түсінеді,атайды. Сөздерді жіктеп қолдана біледі<br>Қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы,лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап береді | | табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне,<br>**Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау**<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Арнайы көлік құралдарының түрлерін және қолданылуын білу.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қалыптастыру **;**<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы :** сөздерді жіктеп қолдана білуге үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу:** қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы,лепті,бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру. | | | Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға баулу.<br>**Жол қозғалысы ережелері.** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткеліне арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | **Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы, жыл мезгілдерін ажырату және атау білімдерін кеңейту.<br>**Өсімдіктер әлемі.** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер, жеміс жидектер, ) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.<br>**Жануарлар әлемі.** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, |
| | | | | **Математика негіздері** | **Жиын:** балаларға жиын ұғымын таныстыру.<br>**Сан, санау:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.<br>**Шама:** заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік | 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды; | Құрастыру | **Құрастыру.** Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Өзінің құрастырған |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | беру.<br>**Геометриялық пішіндер:** балаларды геометриялық фигураларды үйрету.<br>**Кеңістікті бағдарлау:** кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау.<br>**Уақытты бағдарлау:** тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері; | | | құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. **Қағаздан құрастыру**. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:** «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған | Балалар өз құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезіне алады., әртүрлі ойындарды өз беттерімен ойнай алады. | **Сурет салу** | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде | Жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады; | Сурет салу | Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу. Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. | | | әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру. | | | | (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.құрастыруда бөлшектерді орналастыру,кірпіштерді қалаутәсілдерін қолдану | Құрастыруды қызығушылықпен орындайды; | **Мүсіндеу** | Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. | Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді; | Мүсіндеу | Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ыдыстарды мүсіндеу оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру. |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. | сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды. | **Жапсыру** | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және | Қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады; | Жапсыру | Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. | | | тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, | Заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру<br>**Қағаздан құрастыру:** | Құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып | Қазақ тілі | - Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету<br>-сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту<br>-мектепке |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | домалату,тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. | | | қағаздан құрастыруға үйрету.<br><br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары). | пайдаланады;<br><br>қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі; | | неүшін баратынын әңгімелеп айтып беру<br>-мамандық иелерін құрметтеуге баулу<br>- Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету<br>- Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу<br><br>- Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | ерекшеліктері жайлы әңгімелесу<br><br>-көкөністер туралы жұмбақ шешу, ойлау қабілеттерін арттыру |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. | Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; | **Музыка** | Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br><br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,<br><br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды | Музыканың мазмұны туралы айтады;<br><br>әнді мәнерлеп, айтады;<br><br>әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды;<br><br>марш сипатын ырғақты жүрумен береді<br><br>музыка жанрларын анықтайды;<br><br>Балалар музыка аспаптарында ойнайды. | Музыка | - Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру<br><br>- Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру<br><br>- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау<br>- Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | алаңдамай соңына дейін тыңдау).<br><br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,<br><br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, Балалар музыкалық аспаптарында ойнау | | | таныстыру<br>-. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.<br>- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру |
| | **Музыка** | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың | Музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды; | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:** баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.<br><br>**Заттық әлем:** балаларды заттық әлеммен таныстыру және | Бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетеді,<br><br>еңбек етуге қызығушылық танытады; өз Отанын – Қазақстан Республикасын | Дене тәрбиесі | -Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дыбысталуын ажыратуға үйрету | | | онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Байланыс және қозғалыс құралдары:** қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Еңбекке баулу:** балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу.<br><br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**: балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге тәрбиелеу. | мақтан тұтады;<br>көлік түрлері мен жол түрлерін атайды;<br>өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым әдістерін біледі;<br><br>көшеде, аулада, алаңда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінезқұлық ережелерін сақтайды; | | Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін<br>- тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету<br>- таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігінүйрету |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Менің -Отаным Қазақстан:** Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту.<br><br>**Жолда жүру ережелері:** көлік түрлерімен таныстыру.<br><br>**Өлі табиғат заттары мен заттары:** табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br><br>**Өсімдіктер әлемі:** өсімдіктер, оларға күтім | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жасау.<br><br>**Жануарлар әлемі:** төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы).<br><br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары:** қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту | | | |
| **Айы** | **Ұйымдас/н іс-әрекет** | **Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Күтілетін нәтиже** | **Ұйымдас/н іс-әрекет** | **Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Күтілетін нәтиже** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қазан-Бірлік және ынтымақ айы** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар:** Сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. **Тепе - теңдікті сақтау.** Арқан бойымен жүру, **Жүгіру.** Аяқтың ұшымен жүгіру. **Домалату, лақтыру, қағып алу.** Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру. **Еңбектеу, өрмелеу.** Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, **Секіру.** 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, | Бір-бірден екеуден сапта жүре алады. Арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүре алады. Көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтырады. заттардың арасымен еңбектейді. Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар:** аяқтың сыртқы қырымен жүру; сызықтардың арасымен тепе-теңдік сақтап жүру; тізені жоғары көтеріп жүгіру; көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; қос аяқпен секіру; құрсауларды бір-біріне домалату; сап түзеу; **Ырғақтық жаттығулар**: таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. | Аяқтың сыртқы қырымен жүреді; сызықтардың арасымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; тізені жоғары көтеріп жүгіреді; ұзындыққа қос аяқпен секіреді; шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; | Тіл дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз (г-ғ ) дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы). **Сөздік қор.** Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. **Тілдің грамматикалық** |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолдарын арқасына апару; оңға, солға еңкею, шалқаю; екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату;<br><br>**Спорттық жаттығулар**: велосипед тебу: оңға, солға бұрылу.<br><br>**Қимылды ойындар:** таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br><br>**Дербес қимыл** | | | **құрылымы.** Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. **Байланыстырып сөйлеу.** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. **Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.** Шығармашылық |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **белсенділігі**: дене шынықтыру құралдарын қолдану.<br><br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру**: өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | пен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **дағдылары:** өз бетінше киіну мен шешінуді, **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: | | | |
| | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**Дауысты (е,о) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. **Сөздік қор:** Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді септелуіне, қарай | Дауысты дыбыстарды анық айтады.Сөздерді септелуіне қарай байланыстырады. Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді. | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. **Сөздік қор**: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, **Тілдің** | Ақырын, жылдам сөйлейді; сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс, анық айтады; | Көркем әдебиет | **Көркем әдебиет.** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | байланыстыру. **Байланыстырып сөйлеу:** Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. | | | **грамматикалық құрылымы:** көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету;<br><br>**Байланыстырып сөйлеу:** әңгімеге қатысуға баулу, | | | іс-әрекетін бағалау. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта** Дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту **Сөздік қор:** Күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарға байланысты сөздерді(бөпе,аға,апа,іні,қарындас) | Балалар дербес әрекеттерде ауызекі бір-бірімен сөйлеседі. Туыстық атауларды бөпе,аға, апа, іні,қарындас сөздерін атайды. Сөздерді көпше түрде қолданады | **Көркем әдебиет** | Балаларды тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға үйрету. | Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады; | Сауат ашу негіздері | **Сауат ашу негіздері.** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | айтқызу<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді көпше түрде қолдануға үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Балалардың айтатын сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру | | | | | | анықтау. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. | Көрген суреттері бойынша өз ойын айта алады. | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды талқылауға мүмкіндік беру<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді | Айналасындағы өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды талқылайды.<br>Туыстық қарым-қатынасты (сіңлі, жеңге,нағашы, жиен,бөле)білдіретін сөздерді біледі.<br>Өзі мен құрдастарының жауабындағы | Математика негіздері | **Жиын**: жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату,<br>**Сан және санау.** Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен,<br>**Шама.** заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.<br>**Геометриялық** |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дамыту<br>**Сөздік қор**<br>Туыстық қарым-қатынасты (сіңлі, жеңге,нағашы, жиен,бөле)білдір етін сөздерді үйрету<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді тәуелдеп қолдана білуге үйрету<br>**Байланыстыры п сөйлеу**<br>өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді ажырата білуге баулу | қателіктерді ажырата біледі | | **фигуралар.** Геометриялық фигуралар дөңгелек, сопақша, денелерді дұрыс атау.<br>**Кеңістік туралы түсініктерді бекіту**: қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа<br>**Уақытты бағдарлау.** тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттардың санын ажыратуға үйрету:<br>**Шама.**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигура шаршыны таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау:<br>**Уақытты бағдарлау**.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: түнде. | Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыра алады.<br>Геометриялық фигураны біледі.<br>Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай алады.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлай біледі. | **Математика негіздері** | **Жиын:** оның әртүрлі түстегі, пішіндегі туралы түсінік беру;<br>**Сан, санау:** реттік сан есімдерді атау;<br>**Шама:** ұзындығы, енін салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар:** балаларды денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету<br>**Кеңістікті бағдарлау:** берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен);<br>**Уақытты бағдарлау:** «бүгін» туралы | Екі затты ұзындығы, ені бойынша салыстырады; «бүгін», ұғымын ажыратады; | Қоршаған әлеммен таныстыру | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>**Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.** бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну,<br>**Еңбекке баулу.** |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұғымдарын кеңейту. | | | Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | баулу. **Жол қозғалысы ережелері.** Жол белгілерін (тротуар, велосипедке арналған жол) білу. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін сақтау. **Табиғатпен таныстыру** «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); **Өсімдіктер әлемі.** Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: . **Жануарлар әлемі.** Бақылау |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, |
| | | | | **Сурет салу** | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту | Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады; | Құрастыру | **Құрастыру.** Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, | Балабақша және балабақша қызметкерлерінің еңбектері туралы айта алады. | **Мүсіндеу** | Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді | Мүсіндеуде қысу, тарту, басу тәсілдерін қолданады; | Сурет салу | **Сурет салу**. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. | | | тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. | | | бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Қазақ оюөрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. . Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | сурет салу.Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру. өз жұмысының нәтижелерін бағалау. |
| | **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, | әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады; | **Жапсыру** | Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану | Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды; | Мүсіндеу | Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, | сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі; | **Құрастыру** | Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру;<br><br>**Қағаздан** | Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды; | Жапсыру | Қайшыны қолдануды бекіту: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | күн) заттарды бейнелеу. | | | **құрастыру**: қағаздың парағын ортасынан бүктеуге, шиыршықтауға үйрету.<br><br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардыңқандай материалдан жасағанын зерттеу. | | | қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. |
| | **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). | Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; | **Музыка** | Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).<br><br>әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші | Музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды);<br><br>әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтады; | Қазақ тілі | -, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету<br>- жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>-2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | октава шегінде).<br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету<br>әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру<br>марш сипатын ырғақты жүріспен беру,<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. | | | дағдыларын дамыту.<br>Диалогке қатысуға үйрету.<br>- Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту |
| | **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің | желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:** Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық | Ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатады; | Музыка | - Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтың бейнесі мен динамикасын дәл беру<br>- Музыкалық |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. | | | білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу.<br>**Заттық әлем:** жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары:** әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу:** берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды | айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіреді;<br>бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді;<br>өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлық танытады;<br>қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі; | | шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету.<br>- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қалыптастыру:<br><br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**: ренжіген балаға жанашырлық танытуға үйрету;<br><br>**Менің -Отаным Қазақстан:** балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.<br><br>**Жолда жүру ережелері:** жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол); | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Өлі табиғат заттары мен заттары:** бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты)<br><br>**Өсімдіктер әлемі:** бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін түсіндіру.<br><br>**Жануарлар әлемі:** төрт түлік мал оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары:** қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру; | | | |
| | **Музыка** | Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, | Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; | | | | Дене тәрбиесі | -Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту<br>- Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
